

Бекітемін:

Мектеп директоры:

Амержанов Б.Ж

**Жасыл ауылының негізгі орта мектебінің
«Балбөбек» шағын орталығының
2024-2025 оқу жылына арналған
тәрбие жұмысының жоспары**



Дайындаған тәрбиеші: Рахимжанова Ш.Р

Шағын орталық жайлы қысқаша мәлімет

2010 жылдың 1 қыркүйегінде Жасыл ауылының негізгі мектебінде «Балбөбек» шағын орталығы ашылған. Шағын орталықтың жұмысы нормативті-құқықтық құжаттар негізінде жүргізіледі:

-ҚР Мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарты;

-ҚР мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы туралы нұсқаулық-әдістемелік хат;

2024 жылға дейінгі ҚР білімді дамыту тұжырымдамасы;

Мектепке дейінгі балалар мекемесі Жасыл негізгі мектебінде орналасқан, жас ерекшеліктері аралас 1 топ бар. Жұмыс уақыты 9.00-13.00 ге дейін. Шағын орталықтың жұмыс мезгілі 4 сағат, жобалық қуаты 24 орын, тізім бойынша бала саны-9

Шағын орталықты ұйымдастырудың мақсаты-мектепке дейінгі жастағы балалардың жан-жақты дамуы және олардың ата-аналарынан кеңестік-әдістемелік қолдау;

Шағын орталықтың негізгі мақсаттары: 1.Балалардың денсаулығын қорғау;

1. Балаларды ерте жасынан әлеуметтендіруді қамтамасыз ету;

Әр баланың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін есепке ала отырып, балалардың ақыл-ой, адамгершілік, дене бітімі, эстетикалық, эмоциялық, танымдық қабілеттерін дамыту. Отанға деген жанашырлық таныту.

2. Тәуелсіз еліміздің болашағы – жас ұрпақтар бойына Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, туған жері мен елін, сүйеге оны қорғай білуге тәрбиелеу. Тақпақтар арқылы ой-өрісін кеңейту, сөздік қорларын молайтып, тілдерінің дамуына ықпал ету.

Міндеттері: 1.Балаларды күтуді, қарауды ұйымдастыру.

- 2.Балалардың дамуындағы ауытқуларды уақытында түзету.

3.Ата-аналарға педагогикалық-психологиялық кеңес беру.

4. Ата-ананың қасиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Мектепке дейінгі шағын орталық 2-4 аралығында дамытушы орталық негізінде құрылды. Аптасына 5 күн, сағат 9.00-13.00 ге дейін жұмыс істейді. Мемлекеттік стандартқа сәйкес жаңа жиназдармен, ойыншықтармен, техникалық жабдықтармен, бұйымдармен жабдықталған. Күн тәртібі балалардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескере отырып құрастырылған. Сабақ оқу, серуендеу, ойнау-балалардың дамуына әсер етеді. Тәрбиеші топта жайлы жағдай жасауға тырысады.

Оқу жылының басында жылдық жоспар құрылды. Онда тәрбиешінің педагогикалық шеберліктерін жоғарылатуға бағытталған мерекелік іс-шаралар, ашық сабақтар, семинарлар, кеңестер жоспарланған. Оқыту процессінде тәрбиеші балаларды туған елдің табиғатымен, үлкендердің еңбегімен, еліміздің маңызды күндерімен таныстырамын. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеймін.

№	Аты-жөні	лауазымы	білімі	санаты	Еңбек өтілі
1	Рахимжанова Шнар Рахметуловна	Тәрбиеші	Жоғары	Педагог-модератор	17жыл

Тәрбиеші төмендегі көрсетілген міндеттері бойынша жұмыс істейді:

1. Баланың денсаулығы мен психологиялық жағдайын жасау.
2. Танымдық қабілеттерін дамыту
3. Шығармашылық қабілеттерін дамыту
4. Шығармашылық қиялын дамыту

Әдістемелік жұмыс

№	Тақырыбы:	Мерзімі	Жауапты
1.	Тақырыбы: «Қош келдің, балдырған» Салтанатты түрде балаларды қарсы алу.	1 қыркүйек	Тәрбиеші
2.	«Қазақшаң қалай балақай?». Мектепшілік тілдер апталығына қатысу.	7 қыркүйек	Бастауыш сынып мұғалімдері Тәрбиеші
3.	Отбасы күніне арналған іс-шаралар «Әкем-асқар тауым»	21 қыркүйек	Тәрбиеші
4.	«Мұғалім- мектеп жүрегі» мектепшілік іс-шараға қатысу	5 қазан	тәрбиеші
5.	«Күзгі бал» кеші	6 қазан	тәрбиеші
6.	Тұмаудың алдын алу. Сауалнама.	13 қазан	медбике
7.	«Бір отбасы-бір кітап» Мобильді кітапхана	3Қазан	Мектеп кітапханашысы
8.	25-қазан Республика күні. «Менің елім Қазақстаным» атты республикалық патриоттық әндер байқауы	24қазан	тәрбиеші
9.	Ұлттық ойындар күні	26 қазан	тәрбиеші
10.	«Өнерлі бала» байқауы	14 қараша	Бастауыш сынып мұғалімдері Тәрбиеші
11.	16-желтоқсан Қазақстан республикасының Тәуеліздік күні «Көк тудың	15 желтоқсан	тәрбиеші

	желбірегені» республикалық байқау		
12.	«Жасыл шырша жанында» мерекелік ертеңгілік	29 желтоқсан	Бастауыш сынып мұғалімдері Тәрбиеші
13.	«Мен оқыған бір ертегі»Балалардың театрландырған іс-әрекеті	5 қаңтар	Тәрбиеші Ата-аналар
14.	«Мақал сөздің азығы,жұмбақ » (Балалар кітапханасы жобасы)	19 ақпан	Мектеп кітапханашысы
15.	Балаларды отбасылық құндылықтарға баулу Халықаралық әйелдер күніне арналған «Анам, әжем және мен »республикалық байқауы	3 наурыз	тәрбиеші
16.	«Шымырлық пен шеберлік күні» «Ханталапай» ұлттық ойыны. «Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер» мата,жүн ,былғары, киіз, ағаш, жіп, қағаз, сазбалшық және т.б. заттардан қолөнер туындыларын әзірлеуден байқау.	5 наурыз	Тәрбиеші Даярлық тобының тәрбиешісі
17.	«Ғарышкерлер күні» сурет байқау	9 сәуір	тәрбиеші
18.	«Мен зерттеушімін» байқау. Балалардың зерттеу әрекетіне ата-аналарды тарту	23 сәуір	Тәрбиеші Ата-аналар
19.	«Отан қорғаушы күні»	6мамыр	тәрбиеші
20.	«Жеңіс күні мерекесі»	8 мамыр	Бастауыш сынып мұғалімдері Тәрбиеші
21.	«Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы сауықтыру кезеңі «Қызыққа толы сәттер» республикалық байқауы	22 мамыр	тәрбиеші
22.	«Қош бол, шағын орталық!!» Қоштасу кешін ұйымдастыру.	29 мамыр	тәрбиеші.

--	--	--	--

Күтілетін нәтиже: Балалар қысқа, қарапайым әңгімелер, өлеңдер, тақпақтарды тыңдайды және түсінеді;

- Көркем туындылардың мазмұнындағы сұраулы, мақұлданған, лепті интонацияларды түсінеді;

қайталап оқу кезінде мәтіндегі сөздерді айта алады;

-шағын өлеңдер, ертегілер, әңгімелерге эмоционалды көңіл-күй танытады;

шығарма кейіпкерлеріне жанашырлық танытады.

қысқа, қарапайым әңгімелер, өлеңдер, тақпақтарды тыңдайды және түсінеді.

-Көркем туындылардың мазмұнындағы сұраулы, мақұлданған, лепті интонацияларды түсінеді;

қайталап оқу кезінде мәтіндегі сөздерді айта алады;

-Шағын өлеңдер, ертегілер, әңгімелерге эмоционалды көңіл-күй танытады;

Отанымызға жанашырлық танытады. Тәуелсіз еліміздің болашағы – жас ұрпақтар бойына Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, туған жері мен елін, сүйеге оны қорғай біледі.

- Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.